



Автор: Сариева Әлия Әбілғазықызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Ғаламтор және әлеуметтік желілер

Тақырып: Интернет желілері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	T/A1.Болжау T/A3. Мәтіннен ақпаратты анықтау
Сабақтың мақсаты:	• Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау. • Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау.
Тілдік мақсаттар:	«Интернет желілері» тақырыбы аясында тілдік дағдылары дамиды. Айтылымға қатысты тіркестер: менің байқағаным, менің ойымша,... мен ... ойлаймын.
Күтілетін нәтиже:	Мәтіннің атауын талқылай алады; - Алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай алады; - Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтай алады.
Бағалау критерийлері:	Мәтіннің атауын талқылай алады; - Алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай алады; - Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Адалдық, серіктестік, толеранттылық, үштілділік, денсаулық, құрмет, жауапкершілік және үздіксіз оқу. Сабақта оқушылар бойына серіктестік және жауапкершілік сынды құндылықтарды дарыту, жаһандық азаматтық ұстанымымағынаны тану кезеңіндегі тапсырмаларнегізінде жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақтамен жұмыс, слайд қолдану
Пәнаралық байланыс:	Әлеуметтану, информатика
Бастапқы білім:	II тоқсанда өткенді қайталау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу, оқушыларды 4 топқа бөлу Қызығушылықты ояту. «Суретті сөйлет» Оқушыларға сурет көрсетіледі. Суретке қатысты кіріспе ой қозғалады, сабақ тақырыбы болжанады. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийлері таныстырылады.	
Сабақтың ортасы	Тыңдалым алды тапсырма 1.Оқушыларға «Жастар», «Мәдениет», «Интернет» және «Әлеуметтік желілер» ұғымдары ұсынылады. Олар осы сөздердің кемінде 3-еуін қолдана отырып, сөйлем құрайды. Сыныптастарына оқиды. 2. Оқушылар «Әлеуметтік желі» түсінігіне анықтама ұсынады, түсініктері дамытылады.	
Сабақтың соңы	Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «Ыстық орындық». Сенің өміріңде әлеуметтік желілердің маңызы мен рөлі қандай деп ойлайсың? Оқушылар ой бөліседі, қорытынды пікірлерін білдіреді.	
Рефлексия	Рефлексия □ Сабақта не қызықтырды? □ Не қиындық келтірді? □ Не оңай болды? Сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау	